

ҒАЛЫМ. ФИЛОСОФ. ҰСТАЗ.

Философия, саясаттану және дінтану институты атынан құрметті ғалым-философ, әріптесіміз Құрманғалиева Ғалия Құрманғалиқызын тамаша мерейтойымен құттықтаймыз!

Ғалия Құрманғалиқызы бүкіл ғұмырын Институтпен байланыстырып, даналық әлемінің қыр-сырын ашуға, халқымыздың мәдениетін дамытуға, адамдарға жақсылық жасауға арнап келеді. Ғылымға қосқан үлесі тек қазақстандық қана емес, әлемдік ғылыми қоғамдастықпен де ерекшеленіп, жас маманнан бастап көрнекті ғалымға дейінгі даңқты жолдан өтті. Ғ.Қ. Құрманғалиева «Екінші Ұстаз» атанған Шығыс ғұламасының шығармашылығының жаңа қырларын ашқан көптеген еңбектердің авторы және ұжымдық монографияларға бірлескен автор бола отырып, қазақстандық фарабитанудың бастауында тұрды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы және «Қазақ философиясы ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін» сериясы (20 томдық) аясындағы топтамаларды дайындауға және олардың жарыққа шығуына аянбай еңбек етті.

Бұл мерейтой – ғалым-ұстаздың, «Әл-Фараби» журналының бас редакторының атқарған орасан зор еңбектерін атап көрсететін қуанышты сәт. Бүгінгі күні Ғ.Қ.Құрманғалиеваның басшылығымен «Әл-Фараби» журналы республикадағы жетекші философиялық басылымға айналып, халықаралық аренаға шықты.

Ғ.Қ. Құрманғалиева көптеген ғылыми жобалар мен бағдарламаларға басшылық жасап, олардың нәтижелері сарапшылар қауымдастығымен жоғары бағаланды. Шығыс, қазақ философиясының тарихы, Қазақстанның қазіргі заманғы жаңғыру мәселелерін зерттеуге арналған 200-ден астам жарияланымдары осы ғылыми ізденістердің жемісі. Ғалия Құрманғалиқызының әртүрлі жұмысты жоғары деңгейде үйлестіріп және оны керемет орындап шығуы ғылыми және ұйымдастырушылық дарындылықтың белгісі екені даусыз.

Құрманғалиева Ғалия тамаша, ізденімпаз ұстаз, оның оқу курстары әрқашан студенттердің қызығушылығы мен құрметіне бөленді, еңбегіне берілген жоғары баға ғылыми потенциалдың маңыздылығын көрсетіп, көптеген мемлекеттік марапаттаулардан көрініс тапты.

Ғалия Құрманғалиқызы Еуразиядағы философиялық іс-шаралардың белсенді қатысушыларының бірі болғандықтан, Қазақстандағы және шетелдегі философиялық қауымдастықта үлкен құрмет пен беделге ие. Осындай белгілі ғалымдардың шет елдердегі әріптестермен ғылыми байланыс орнатып және оның дамуына тұрақты көңіл бөлуінің арқасында Институтымыз шетелдік философиялық ортада танылып, бағаланып жатыр.

Сонымен қатар ғылыми еңбектері ғана емес, жас ғалымдарға деген көмегі мен кеңестері, мейірімді көзқарасын жоғары бағалай отырып, Ғалия Құрманғалиқызын Отанға, қоғамға, ұжымға қызмет етудің үлгісі екенін айта кеткен жөн.

Ғалия Құрманғалиқызы, әр уақытта әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз табысты сәттеріңіздің куәсі, күрделі де қиын ғылыми ізденістеріңіздің әлемінде жаңа жетістіктерге жете беруіңізге үзеңгілес болсын!

Осындай атаулы күні философия сияқты өмірдің мәнін іздеген рухани саладағы еңбегіңіз жемісті болсын деп, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ғылыми шығармашылығыңыз биіктен көрініп, әлі де талай құнды еңбектеріңіз жарыққа шыға беруіне тілектеспіз!